

_____ облысының
_____ сотына

Талапкер: Т.А.Ә., туған күні, ЖСН _____,
тұрғылықты жері: _____ қ. _____ көшесі
№ _____ үй, № _____ пәтер,
ЖСН _____
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:

электрондық мекенжайы:

Жауапкер: Т.А.Ә., туған күні, ЖСН _____,
тұрғылықты жері: _____ қ. _____ көшесі
№ _____ үй, № _____ пәтер,
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:

электрондық мекенжайы:

(егер жеке сәйкестендіру нөмірі, ұялы
байланысының абоненттік нөмірі мен
электрондық мекенжайы талап қоюшыға белгілі
болса)

ТАЛАП АРЫЗ (ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы)

_____ жылы мен азамат Т.А.Ә. _____
заңды некеге тұрдым және біздің некеден Т.А.Ә. _____,
_____ туған бала /-лар/ бар.

_____ жылы неке бұзылды, мұны _____ жылғы сот шешімінің
көшірмесімен растаймын.

Бірге тұрған кезде біз мыналарды сатып алдық:
_____ (мүлікті, алған жылын, бағасын
көрсету), жалпы сомасы _____ теңгені құрайды.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлуде келісімге келмедік.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы
туралы» Кодексінің 38-бабының талаптарына сәйкес егер олардың арасындағы
шартта өзгеше көзделмесе, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және осы
мүліктегі үлестерін айқындау кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі
тең деп танылады. Сондықтан маған келесілерді беріп, ортақ мүлікті бөліп
беруді: _____ (мүлік атауы, бағасы, жалпы
сомасы), қалғанын жауапкерге қалдыруыңызды сұраймын.

Іс бойынша шығындарды жауапкерге жүктеуді сұраймын.

Жауапкерден мемлекеттік баж салығын _____ теңге көлемінде өндіріп алуды өтінемін.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 37-38-баптарына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 104, 148-149 баптарына сүйене отырып,

СҰРАЙМЫН:

1. _____ (талапкердің Т.А.Ә.) жауапкерге _____ (жауапкердің Т.А.Ә.) жазған ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы талап арызын қанағаттандыруды.

2. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлуді.

3. Іс бойынша сот шығындарын жауапкерге жүктеуді.

4. Жауапкерден мемлекеттік баж салығын _____ теңге көлемінде өндіріп алуды.

Талап қою арызына қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1. *Талап арыздың көшірмесі;*
2. *Жауапкерге немесе оның өкіліне, үшінші тұлғаларға талап қою арызы мен оған қоса берілген құжаттар көшірмелерінің жіберілгенін растайтын құжат;*
3. *Мемлекеттік баж салығы төлегендігі туралы түбіртек;*
4. *Некені бұзу туралы сот шешімінің көшірмесі;*
5. *Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;*
6. *Тараптардың жалақылары туралы анықтамалар;*
7. *Жылжымайтын мүлікке құжат;*
8. *Жылжитын мүлікке құжат;*
9. *Талапкердің жеке куәлігінің көшірмесі;*
10. *Азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі.*

Талапкер: (қолы)

(талапкердің тегін және инициалдарын көрсету)

Күні _____